Шарбақты аудандық қоғамдық-саяси газет

# МАРАЛДЫ

2011 жылдың 3 қарашасынан шыға бастады

9 шілде 2015 жыл №27 (132)

# Тыл еңбеккерлері марапатталды

**Тарихи өлке тану мұражайында аудан әкімі Б.Ыбыраев тыл еңбеккерлерін жеңістің 70 жылдығына арналған мерейтойлық медальмен марапаттады.**



жұмылдырылған ауыр кезеңмен тұспа-тұс келген тыл еңбеккерлері нағыз еңбек адамының үлгісін көрсетті. Бұғанасы бекімей жұмысқа араласқан олар сол бір жылдарда қыжырлы еңбек істеумен қатар өңірдің өркендеуіне, дамуына толайым үлес қосты. Мұның барлығын марапаттау рәсімінде аудан басшысы кеңінен атап өтті.

Жеңістің 70 жылдығына арналған мерейтойлық медаль Қазақстан Республикасының Мемлекет басшысының жарлығы бойынша берілетін құрметті марапаттардың бірі болып табылады. Әрине, мұндай медаль жоғарыда атап өткеніміздей қоғамға еңбегі сіңген адамдарға ғана беріледі.

Салтанатты шараға аудан әкімінің орынбасары Р.Неғманова, ардагерлер кеңесінің төрағасы Ю.Литвинюк пен оның орынбасары С.Борисова, Шарбақты селосы ақсақалдар кеңесінің төрағасы Т.Әубәкіров, қоғамдық кеңестің төрағасы Б.Паванов, қорғаныс істері бөлімінің басшысы Т.Садвақасов, Шарбақты ауылының әкімі Қ.Мүскенов қатысты.

Тыл ардагерлері құрметке лайық. Балалық шағы соғыс жылдарымен, бұдан кейінгі қираған шаруашылықтарды, құлдыраған ел экономикасын қалпына келтіруге

Жеңістің 70 жылдығына арналған мерейтойлық медальдармен Әубәкіров Александр Вахитұлы, Зайцев Иван Григорьевич, Сакин Борис Трофимович, Дегтярова Антонина Сергеевна марапатталды.

Салтанатты шараның соңында Г. Воронкова мен О. Краль құрметті еңбек адамдарына арнап әсем ән жолдады.

**Қ.ШӘМШИЕВ.**

# Ауылдың жағдайымен танысты

**Аудан әкімі Б.Ыбыраев таяуда Галкин және Шегірен ауылдық округтері мен оларға қарасты шағын ауылдарда болып, өңірдің жағдайымен танысты. Ең алдымен аудан басшысы Ботабас фельдшерлік пунктінде болды.**

Ботабас шағын ғана ауыл. Фельдшерлік пунктте бір ғана мейірбике жұмыс істейді. Отбасы саны 20 ғана. Мал саны 700-ге жуық. Галкин ауылдық округінің әкімі В.Сарсенбиновтың баяндауынша, 2 шаруа қожалығы жұмыс істейді бұл ауылда. Қазіргі таңда 5 трактор шөп шабуға дайындық жұмыстарын жүргізуде.

Бұдан соң іс-сапар Шегірен ауылында жалғасын тапты. Мұнда мәдениет үйі, кітапхана, ФАП және мектепте болды. Шегірен ауылдық округінің әкімі М.Жиенбаев мәдениет үйінің ғимараты ескі, шатырынан су ағатынын, күрделі жөндеуді қажет ететінін баяндады. Мектепте барлығы 94 оқушы болса, ұстаздар саны - 28. ҰБТ-ға қатысқан төрт оқушының екеуі 100-ден жоғары бал жинаған. Олар Жиналған Назарбай (105 балл), Сабина Айкүмісова (101 балл). Оқу орнының жалпы жағдайы жөнінде мектеп директоры Ж.Көбеев баяндап берді.

Шегіреннен соң аудан әкімінің жұмыс сапары Есілбай ауылында жалғасын тапты. Мұнда аудан басшысы «Темірғалы» мешітінде, фельдшерлік пункт пен жеке кәсіпкер Қисамиден Машеновтың халыққа қызмет көрсету орталығында болды. Осыдан үш жыл бұрын ашылған Қисамиден Машеновтың халыққа қызмет көрсету орталығында шаштараз, тігін цехы, наубайхана және дүкен орналасқан. Есілбайда игі істер көп. Соның бірі ауыл тұрғындарының демеушілігі арқасында бой көтерген «Ер есімі - ел есінде» ескерткіші. Аудан әкімі мұнда да болды. Есілбайда болған аудан әкімі осында орналасқан «Ертіс Орманы» резерватының Шалдай филиалына қарасты Сейтен орманшылығының орманшыларымен әңгімелесіп, өтініштерін тыңдады. Орманшы Құдайберген Нұртазин тұрғындар атынан Есілбай ауылына мәдениет үйін салып беру жөнінде өтініш айтты. Есілбайлықтар бұл сұрақты жиі-жиі көтеріп келеді. Аудан әкімі есілбайлықтардың бұл өтініші назарда болатынын атап өтті.

Есілбай ауылынан соң аудан әкімі Галкин ауылдық округіне қарасты Арбиген ауылында болды. Осындағы мектептің жағдайымен танысты. Арбиген ауылының жағдайы жөнінде зейнеткер, қадірменді ақсақал, білім беру саласының үздік қызметкері Қорған Смайылханов баяндап берді. Еңбек жолын тек қана білім беру саласына арнаған Қорған ақсақал мектептің қазіргі жағдайы жөнінде бірнеше өтініш те айтты аудан басшысына. Аудан әкімі бұл өтінішті орындау бағытында жұмыстар жүргізілетінін айтты.

Аудан әкімі мектептің жылыжайында да болды. Бұл нысанға да жөндеу жүргізу қажет. Жөндеу жүргізетін болса, мұнда көкөністер өсіруге толық мүмкіндік бар.

Жұмыс сапарының соңында аудан әкімі Галкин ауылында болып, мұндағы әлеуметтік, мәдени нысандарда болды. Осында жаңадан салынып жатқан мешіт құрылысымен танысты. Ауылдың жағдайымен танысқан аудан басшысы қысқа дайындық пен ауылдық жағдайы жөнінде Галкин ауылдық округінің әкіміне бір қатар тапсырмалар берді.

**Қ.ҚАЗЫНА.**

# Алексеевкадағы кездесулер

**Өткен аптада аудан әкімі Б.Ыбыраев Алексеевка ауылдық округінде болып, жергілікті әкімшілік аумаққа қарасты шағын ауылдардың тыныс-тіршілігімен танысты. Алексеевкаға қарасты шағын ауылдардың бірі Николаевка болса, мұндағы негізгі мектепте 8 бала білім алады екен. 6 мұғалім жұмыс істейді. Өткен жылы 1 ғана сәби бұл ауылда өмірге келген болса, биылғы жылы жүкті ана жоқ.**

Николаевкада болған жергілікті халықпен кездесу барысында аудан басшысы шағын комплектілі мектептердің жабылуы мүмкін екенін де айтты. Балалар жақын орналасқан мектептерге автобуспен тасу арқылы білім алатын болады. Кездесу барысында аудан әкімі даму мүмкіндігі жоғары елді мекендерге көшу жөнінде ұсыныс айтты. Мұндай елді мекендерге Александровка, Красиловка, Сосновка, Жылыбұлақ ауылдық округтері енеді. Бұл ауылдарда жұмыс орындары бар, мұнда жаңадан инвесторлар келіп жұмыс істеуде, сондықтан ауыл шаруашылығы саласының мамандарына да сұраныс бар.

Бұл күндері Николаевкада 18 отбасы тұратын болса, адам саны – 60.

Николаевкадан соң аудан әкімінің жұмыс сапары Алексеевка ауылында жалғасты. Мұнда аудан әкімі мектепте болды. Қазіргі кезде мұнда жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Мектепке жеке кәсіпкер Ширинходжа Аслонов қомақты көмек көрсетіп келеді. Бастауыш сыныптардың 44 оқушысын толық ыстық тағаммен қамтамасыз етуге демеуші болған.

«Алексеевка» ЖШС-ның директоры В. Кунц өзі басқарып отырған шаруашылықтың жағдайы жөнінде баяндап берді. Қазіргі кезде шөп шабу жұмыстарымен шұғылдануда. ЖШС-ның материалдық-техникалық базасы жаңаруда, жұмысшылардың еңбекақысы дер кезінде беріледі, түйінді проблема жоқ. Ең бастысы науқанды жұмыстар кезінде жергілікті тұрғындар қосымша еңбек күшіне шақырылады.

Ауылдық мәдениет үйінің қазіргі жағдайы жақсы. Осыдан бірнеше жыл бұрын күрделі жөндеу жүргізілген болатын. Аудан әкіміне мәдениет үйінің жағдайы жөнінде С.Қарымсақов (мәдениет үйінің директоры) баяндап берді. Ауылдық кітапхана да осында орналасқан. Мәдениет үйінің жағдайымен танысқан аудан әкімі мұнда Қазақстанның қазіргі келбетін бейнелейтін бұрыш ашу жөнінде тапсырма берді.

Алексеевка ауылында болған аудан әкімі осындағы балабақшаның жағдайымен танысты. Әлеуметтік-мәдени нысандарда болған аудан әкімі қысқа дайындық, жөндеу жұмыстары, қысқы отынды тасу, интернет қызметі, халыққа қызмет көрсету жөнінде сұрап білді және осы мәселелер жөнінде жергілікті әкімге тапсырма берді.

Аудан әкімі Назаровка ауылында болып, мұндағы мектеп пен мәдениет үйінің жағдайымен танысты. Құрқамыс станциясында және шағын ауыл Каховкада болып, егістік алқаптарын аралады.

**Қ.КЕҢЕС.**

# «Ел ордасы - Астанам»




**Астана күні мерекесіне орай Шарбақты селосындағы орталық алаңда «Ел ордасы – Астанам» атты мерекелік шара өтті. Орталық алаңдағы мерекелік көңіл күй өте жоғары болды. Әсем ән, көңілге жағымды музыкамен қатар сауда-саттық мерейлі мерекенің көрігін қыздыра түсті.**

Астана – табыс пен жетістіктің, жарқын болашақтың айқын нышаны. Жаңа Астананың айшықты келбеті ұлттық рухыңды көтеріп, мерейіңді тасытады.

Шарбақтылықтарды құттықтаған аудан әкімі Б.Ыбыраев Астананың ел символы екенін атап өтті.

Биыл ел тұрғындары Астана қаласының 17 жылдығын атап өтуде. Құттықтау сөзінде аудан әкімі: -Барлық қазақстандықтармен бірге біз бүгін Астана күні мерекесін атап өткелі тұрмыз. Егеменді Қазақстанның нышаны болып саналатын Астана қаласының туған күніне 17-жыл толды. Осы мереке жас мемлекетіміздің мемлекеттік басты мерекелерімен қатар келуінің өзі жай емес. Еліміздің бас қаласы тәуелсіз, егеменді Қазақстанның келешекте барлық азаматтардың тең құқығын қорғайтын, ертеңгі күнге сенімді, экономикасы мен инфрақұрылымы дамыған ел ретінде саналады. Қазақстан - әлеуметтік өмірі экономикасы қарқынды дамыған мәдени-рухани және саяси аймақтық орталық. Біздің республикамыз Орталық Азияда «тыныштық пен тұрақтылық мекенін» білдіретін әлемдік қауымдастық болып танылады.

**(БАСЫ. СОҢЫ 2-ШІ БЕТТЕ)**

# Аудан әкімі ауызашар берді

**Аудан әкімі Б.Ыбыраев Шарбақты селосындағы «Қаршыға» кафесінде қасиетті рамазан айына орай ауызашар берді. Ауызашарға ауданның қадірменді ақсақалдары мен әжелері, қажылары, ауыз бекіткен мешіт жамағаттары мен танымал азаматтары арнайы шақырылды.**

Ауызашар берудің өзі үлкен сауапты іс. Мұсылман қауымы алдында құран оқып, елімізге береке мен бірлік, ауданға өсу мен өркендеу тілеген аудандық «Қызыр» атындағы мешіттің бас имамы Райымбек қажы Әділұлы аудан басшысына рахметін айтты. Қызметіне үлкен жетістік тіледі. Имам Райымбек Әділұлы ауызашар беруге демеушілік жасаған азаматтарға, ауылдық округтердің әкімдері мен мекеме басшыларына, жекелеген азаматтарға да рахметін айтып, дендеріне саулық, қызметтеріне табыс, отбасыларына амандық тіледі.

Ауызашарға келген жамағатқа аудан әкімі Балғабай Жұмағұлұлы да амандық пен саулық, елімізге бірлік пен татулық тіледі. Өз сөзінде аудан әкімі діннің қанат жайып, өсіп өркендеп келе жатқанын атап өтті. Бүгінгі күнгі жетістік пен табысқа қол жеткізуге, діннің өркендеуіне ел тәуелсіздігінің кең жол ашқанын айта келе аудан әкімі елімізге бейбітшілік пен тұрақтылық тіледі. Елбасының жүргізіп келе жатқан салиқалы саясатының арқасында Қазақстанның тұрақтылық пен келісімнің, игі істер мен ізгілік салтанат құрған қуатты елге айналғанына екпін түсіре айтты аудан әкімі.

Қалың қауымға Шарбақты ауданының құрметті азаматы Қаһарман Қаматайұлы да ізгі тілегін білдірді.

# ХАБАРЛАМА

2015 жылғы 24 шілдеде сағат 10:00-де Шарбақты ауылында аудандық мәслихат ғимаратында Шарбақты аудандық мәслихатының V сайланған кезектен тыс LXII сессиясы шақырылады

**Сессияда қаралатын мәселелер:**

**1.** Аудан әкімінің 2015 жылғы I жартыжылдықта атқарған жұмысы туралы есебі.

**2.** Сынтас селолық округі әкімінің аудандық маңызы (селолық округ) бар тұрғын–үй қорларын сақтау, және де кентішілік (ауылішілік) автомобиль жолдарының құрылысы, жөндеу және сақтау бойынша есебі.

**3.** Басқа мәселелер

**Аудандық мәслихат хатшысы Т. Абдрахманов**

(СОҢЫ. БАСЫ 1-ШІ БЕТТЕ)

# «Ел ордасы – Астанам»

Сіздерді мемлекеттік мереке – Астана күнімен құттықтаймын! Сіздерге мықты денсаулық, әр отбасына құт-береке тілеймін – Тәуелсіз Қазақстанымыз гүлдене берсін!,- деп атап өтті аудан әкімі.

Бұдан әрі аудан әкімі мерекеге орай бірқатар азаматтарды марапаттады. Қазақстан халықтарының бірлігі мен татулығын сақтауға қосқан сүбелі үлесі үшін «Вайнах» шешен - ингуш этномәдени бірлестігінің жетекшісі Зура Махановнаны «Қазақстан халықтары Ассамблеясының 20 жылдық» мерейтойлық медалымен марапаттады. Ұзақ жылдық қажырлы еңбегі және қоғамдық іс-шаралар мен спорттың дамуына қосқан үлесі үшін де бір қатар азаматтар алғыс хатпен марапатталды. Мұндай марапатқа белбеу күресінен ҚР чемпионы, аудандық балалар және жас өспірімдер спорт мектебінің қазақ күресі бойынша жаттықтырушысы Еркін Әлиғожин, белбеу күресі бойынша ҚР чемпионатының күміс жүлдегері Алтынбек Жұмадиров ие болды. РФ-ның Алтай өлкесі Құлынды ауданында өткен өлкелік XV Дельфин ойындары байқауындағы жетістігі үшін аудандық балалар музыка мектебінің «Карамель» вокалдық ансамблы мен «Каданс» үрлемелі аспаптар оркестрі де алғыс хатқа ие болды.

Мерекелік шара бұдан әрі концертке ұласты. Жеке орындауларда С. Сахипова, М. Бердыгожина, Н. Вакула, А. Рахат, Е. Хавай мен «Гүлдер» би тобы, «Поющие сердца», «Қарлығаш», «Вдохновение» вокалдық топтары , Гүлнар – Гүлім және Ермек – Еркебұлан дуэттері, «Ретро» триосы ән мен жырдан шашу шашты.



Мерекелік көңіл күй сыйлайтын туған жер, отан, ел туралы патриоттық әндер халыққа шаттық пен қуаныш сыйлады.

Астана күніне орай бұл күні спорттық жарыстар да ұйымдастырылды. Жасыл алаңда өткен шағын футбол жарысында «Шарбақты» командасы бірінші орынды, шекаралық пост командасы екінші орынды, «Жастар» командасы үшінші орынды иеленді.

Кір тасын көтеруде жас өспірімдер арасында үш жүлделі орынды Д. Сечин, Р. Дәуітов, М. Семченко иеленсе, ересектер арасында С. Шторм, В. Ткачев, Ю. Степанов ие болды.

Арқан тартудан бірінші орынды «Турбо» командасы (№3 Шарбақты орта мектебі), екінші орынды - «Искра» командасы (гимназиялық сыныптары бар Шарбақты орта мектебі), үшінші орынды «Симба» командасы (№2 Шарбақты негізгі мектебі) иеленді. Шахмат бойынша бірінші орынды И. Садвақасов, екінші орынды В. Балашов, үшінші орынды Қ. Шәмшиев иеленді.

**К. КЕҢЕС**
**Суретті түсірген Н. Меркулов.**









Жеңістің 70 жылдығына орай

# Патриоттық шара

**Шарбақтылықтар тағы да бір қызықты шараның куәсі болды. 23 маусым күні Павлодар қаласынан шығып, Шарбақты бағытын бетке алған авто-мото-велошабандоздар Орловка ауылына келіп табан тіреді. Барлығы 20-дан астам велошабандоздар мен байкерлер Павлодар-Шарбақты-Орловка бағыты бойынша 120 шақырымды жүріп өтті. Барлығы мектеп оқушылары. Шараға Павлодар қаласының бір қатар мектептері мен Павлодар селосының ардагерлері, славян мәдени орталығының тәрбиеленушілері, «Қазбат» қоғамдық бірлестігі, «Жолдар» жастар қоғамдық ұйымының байкерлері қатысты. Жеңістің 70 жылдығына орай ұйымдастырылған шара сұрапыл соғыста ерлікпен қаза тапқан азаматтар рухына тағзым ету мен жастардың патриоттық санасын қалыптастыруға негізделді.**

Орловкалықтар велошабандоздар мен қонақтарды құрметпен қарсы алды. Салтанатты жиынды Орловка ауылдық округінің әкімі Ирина Галлямова ашып, өзінің құттықтауын айтты. Бұдан кейін Павлодар ауданы Павлодар ауылының әкімі Ирина Фогельге сөз кезегін берді. Өз сөзінде ол: - Бізді құрметпен қарсы алғандарыңыз үшін алғыс білдіремін. Атаулы шара Ұлы Отан соғысы Жеңісінің 70 жылдығына орай, сонымен қатар өткен тарих белесіне құрметпен қарау, болашақ жастардың отанына, еліне, жеріне деген патриоттық сезімін шындау, соғыста ерлікпен қаза тапқан ата-бабаларымызды құрметпен еске алу, келешек ұрпаққа үлгі өнеге көрсету мақсатында өткізіліп отыр, - деп атап өтті.

«Қазбат» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Геннадий Козак өз сөзінде: - Ұлы Отан соғысының орны бөлек. Отаны үшін қан кешкен азаматтарымыздың мәңгілік ерлігі үшін рухына тағзым ету біздің борышымыз, - деді. Ұйымдастырушыларға рахметін айтып, алғыс хат тапсырды.

Салтанатты шарада орловкалықтар соғыс солдаттарына арналған өлең жолдарын оқыды. Қан майданнан оралмаған боздақтарды бір минуттық үнсіздікпен естеріне алды. Бұдан кейін құрметті қонақтар соғыс боздақтарына арнап орнатылған ескерткішке гүл шоқтарын қойды.

Шара бұдан ары ауылдық мәдениет үйінде өткен концертке ұласты. Мұнда Павлодар ауылынан келген ардагерлер мен аға буын өкілдері, әжелер орловкалықтар назарына өздерінің концерттік бағдарламасын ұсынды. Концерттің соңы спорт алаңында жалғасын тапты. Мұнда «Қазбаттың» жауынгерлері төтенше жағдай кезінде қалай жұмыс істеуге болатынын дәлелдейтін құтқару жаттығуларын көрсетсе, байкерлер мопед үстіндегі шеберліктерін көпшіліктің назарына ұсынды. Әсіресе, байкерлер мен велошабандоздардың шеберліктеріне жастар мен оқушылар ерекше қызығушылық танытты. Мұндай бұқаралық шараның жас жеткіншектерге патриоттық тәрбие берудегі маңызының жоғары екенін анық байқатты.

120 шақырымды жүріп өткен оқушылармен біз де сұхбаттасып, әңгімеге тарттық. «Жолдар» қоғамдық бірлестігінің жетекшісі Павел Беликовтың айтуынша, шара жақсы ұйымдастырылған. Орловкалықтардың қонақ жайлылығы, көше бойында жалау ұстап, жылы жүзбен қарсы алғаны көңілге қуаныш ұялатады дейді. Қалалық 28 мектептен келген Диас пен Олег, 6 мектептен қатысқан Люба да шараға қызыққандығымыз соншалықты ұзақ жол жүріп келсек те шаршағанымызды ұмытып кеттік. Табиғат аясында жақсы демалыс болды деп өз пікірін білдірді.

**Қ.ҚАЗЫНА.**
***Суретті түсірген Н.Меркулов.***



ИМАНДЫЛЫҚ

# Павлодар облысының мұсылман қауымына Үндеу

Салт – ғасырлар бойы тарихи негізде қалыптасып, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отыратын әдет-ғұрып, жалпыға бірдей тәртіп. Ал шариғат – адамзатты ынтымақ-бірлікке, мейірімділікке, Құдайға құлшылық етуге үндейтін заңдылық. Біздің салтымыз да, әдет-ғұрпымыз да ертеден ислам шариғаты негізінде қалыптасып келеді. Өкінішке қарай, соңғы кездері көптеген салттарымыз, діни рәсімдеріміз, әсіресе жерлеу рәсімі шариғаттан да, ғұрыптан да алыстап, бұрмаланып бара жатыр.

Дүние салған жанның туыстарына бес нәрсе міндет: **мәйітті жуындыру, кебіндеу, жаназасын айту, жерлеу, қарызын өтеу.** Қалған амалдар – қосымша ғибадат, сауап істер.

Ең әуелі, адамның қайтыс болғанын жариялап, оны жылдам жерлеуге асығу керек. **Мәйітті себепсіз ұстап отыру, жерлеуді кешіктіру – оның қадір-қасиетін қашыру әрі сүннетке қайшы әрекет.** Алланың елшісі (с.ғ.с.): «Мәйіттеріңді жерлеуге асығыңдар. Мәйіт жақсы кісі болса, жақсылығына жылдам жеткізіңдер, ал жаман кісі болса, тозақ иелері бізден алыс болсын», - деген (Муслим).

Намаз қалалық жерлерде, өзіне жақын орналасқан жергілікті мешіттерде өткізілгені дұрыс. Мешіттерде жамағат үшін барлық жағдай жасалған. **Мешіт – Алланың үйі, ол жерде оқылған намаздың, жасаған дұғаның орны ерекше.**

Имам (молда) мәйітті соңғы сапарға шығарып салу рәсімін барынша шариғатқа сай өткізуге тиіс. Жаназа намазында адамдарды ұзақ ұстауға болмайды. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Адамдарға имам болған жағдайда оны жеңіл өткізіңдер. Өйткені олардың ішінде жасы кішісі, үлкені, әлсізі, науқасы және мұқтажы бар», - деген (Муслим). Намаздан бұрын айтылатын «дәлелді» сауабы мәйітке бағышталатын «тәһлил» дұғасы деп атайды. **Мәйітке оқылатын дұғаның пайдасы бар. Бірақ сол дұғаны дәл жаназа намазы кезінде оқу шарт емес.** Ал намаз үстінде Құран оқу туралы: «Алланың Елшісі (с.ғ.с.) жаназа намазында Құраннан бірдеме оқуды айтпады», - делінген («Әл-әзкәр мин кәләм сәйидил әбрар», 430/1).

**Мәйіт жөнелту жолында жөнсіз іс-шаралар мұсылман қауымы үшін харам.** Сондықтан қабір басына зәулім тас, биік, сәнді күмбездер орнату, қашап сурет салу және сол сияқты амалдар ысырапқа жатады, сондай-ақ, мұсылманның діни сенім-нанымы мен көзқарасын бұзуға әкеліп соғады. **Ысырапшылдық – үлкен күнә.** Алла Тағала: «төгіп-шашпаңдар, шындығында Алла ысырапқорларды ұнатпайды» («Ағраф» сүресі, 31-аят), - деді.

**Қазалы үйге көңіл айту, көмек көрсету - әр мұсылманның борышы.** Пайғамбар жасына жетпей дүние салған адамның атынан түрлі киім, орамал және басқа жыртыстарды тарату мүлдем дұрыс емес. Ал егде жастағы адамдардың атынан берілетін «тәбәрік» садақасында астамшылдық жасамау қажет.

**Шариғат үш күнге дейін аза тұтуға, яғни үш күнді ғана қайғымен өткізуге рұқсат береді. Бұл күндері мәйіт иесінің қонақ күтуі, қалың елге дастарқан жаюы орынсыз.**

Мәйіттің қырқын және жылын өткізу әдетке айналса да, ол міндет деп қаралмайды. Яғни, жасалмаған жағдайда ешбір адам Алланың алдында күнәһар, мәйітке қарыздар болып қалмайды. **Дінімізде шамаң жетпесе де, міндетті түрде қарызданып, артық шығын жұмсап, өлілер атынан мал сойып, садақа бер деген үкім жоқ.** Бұл жайлы Құранда: «Олар (Құдай сүйген пенделер) қаражат жұмсағанда ысырап етпейді. Сараңдық та жасамайды, өз жөнімен ғана жұмсайды» («Фұрқан» сүресі, 67-аят), - деп айтылады.

Марқұмды жөнелтудегі орынсыз жасалатын жоралғыларды доғару, ысырапқа жол бермеу, пайдасыз іс-әрекеттерді тоқтату үшін белгілі бір жұмыстардың жүргізілуін уақыттың өзі талап етуде. Білсек те, іске көше алмай тұрған жайымыз бар.

Жоғарыдағы мәселелерді ескере отырып, Павлодар облысының мұсылман қауымына төмендегі талаптар ұсынылады:

Қайтыс болған адамды күттірмей, жылдам, шариғат талабына сай жерлеуді ұйымдастыру керек.

Жаназа намазын өзіне жақын орналасқан жергілікті мешітте шығару абзал.

«Тәһлил» дұғасын (дәлелді) жаназа намазы оқылмастан бұрын, молда үйде отырған жамағатпен бірге оқиды. Құран мәйітті қабірге қойып болған соң оқылады. Митинг, еске алу тәрізді жиын-жиналысқа ұқсас шариғатымызда жоқ іс-шаралар өткізілмейді.

Қабір басын бай да, кедей де қарапайым түрде, бірдей үлгіде көтеруі тиіс, марқұмның суретін тасқа қашап салуды мүлдем тоқтату керек.

«Қонақасы», «үші», «жетісі», «жұмалық» секілді марқұмға арналған рәсімдерді үйде отбасы және жақын туыстарымен бірге өткізу орынды.

«Қырқы», «жылы», т.б. еске алу астарын барынша ықшам түрде, ысырап жасамай өткізу керек. Жабдық және ауызашар дастарқаны барлық елді мекенде бәріне бірдей ас мәзірімен ұсынылады: бір ыстық тамақ (ет, палау т.б.), шелпек, бауырсақ, таба нан, май, қаймақ, құрт, қоспа, талқан, қант, сорпа, су (газдалған, газдалмаған). Осыдан басқа көптеген түрлі тағамдарды қою шариғатымызға қайшы. Мәңгі бітпейтін, жылдан-жылға дами беретін орынсыз жарысу, мақтаншақтық бәсекелестікке апарады.

Аталмыш нұсқау облысымыздың елді мекендерінде тұратын әрбір дін жанашыры, көзі ашық, көкірегі ояу азаматы тарапынан қолдау табады деген сенімдеміз. Осы үндеуді халыққа жеткізу, насихаттау, орындау әркімнің өз ар-ожданына, имандылығына байланысты. Осы үндеумен көптің алдына шығуды өзіміздің мұсылмандық, азаматтық парызымыз деп есептейміз.

Иманымыз кәміл, бірлігіміз бекем болғай, ардақты ағайын.

**ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫНЫҢ БІР ТОП ДІН ЖАНАШЫРЛАРЫ.**

# Қадір түні

**Қадір түні – Рамазан айында болатын қасиетті түн. Шілде айының 13-інен 14-іне қараған түн Қадір түні болып табылады.**

Қадір түні туралы Құран Кәрімнің «Қадыр» сүресінде айтылған. Бес аяттан тұратын сүреде Құранның Қадір түнінде түсірілгендігі, оның мың айдан қайырлы екендігі, бұл түнде Жәбірейіл періште Алла әмірімен жер бетіне түсіп, адамдарға қызмет ететіндігі және таңға дейін тыныштық болатындығы айтылады. Қадір түні періштелер мұсылмандарға дұға оқып, тілеулес болады. Жасалған ғибадаттың мың айға, яғни сексен үш жылға тең болатындығына байланысты мұсылмандар Қадір түнін құлшылықпен өткізуге тырысады. Кейбір рауяттарға қарағанда қадір түні рамазан айының 27-ші түні. Дегенмен қадір түнінің дәл қай түн екені белгісіз. Сондықтан тақуа кісілер ораза айының соңғы он түнін түгелдей құлшылықпен өткізеді.

Ең бастысы бұл түнде Алланың ризашылығы үшін ғибадат жасап, намаз оқып, құлдық сезімдерімізді арттыруымыз керек. Құран Кәрім оқылып, тыңдалып, түсінуге ынта қойып, Құран Кәрімге сүйіспеншілік пен байланыстар орнатылуы тиіс. Пайғамбарымызға (с.а.у) салауат айтып, оның шапағат етуінен үміттеніп, оның үмбетінен болғанымызды саналы түрде сезініп, оның жолын берік ұстануымыз шарт. Уағыз-насихат тыңдап, сұхбаттар құрып, күнделікті күйбең тіршілік барысында жүрекке түскен кірбіңді жуып шайып, көңілге ұялаған көмескіліктен арылу қажет. Сондай-ақ, қадір кешінің маңызына байланысты және Қадір түніне орай уағыз-насихат айтатын дін адамдарымен сұхбат құру керек. Әсіресе, адам өз өзімен сұхбаттасып, қателіктерін танып, кемшіліктерін жоюға күш салуға, адамдармен достық қарым қатынасын күшейтуге, бірлік пен біртұтастықты арттыруға мән беруі тиіс. Қайырлы істер істеу қажет. Қадір түнінің күндізін де бейне кеш секілді өткізу ләзім. Осылай болған болса, мүбәрак түннің рухтарға төккен шұғыласы сіңімді болып, жүректің қақ төрінен орын алары сөзсіз. Қадір түнінің құрметіне Раббымыздан бүкіл исі бүтін мұсылмандардың күнәларының кешірілуін тілеуіміз керек. Қадыр түнінің жақсылыққа мұрындық болуын, достық пен бауырмашылдықты арттырып, ислам әлемінің біртұтастығын және күллі адамзатты апаттардан сақта деп тілеуіміз шарт.

Қымызмұрындық - 2015

# Жақсы көңіл-күй сыйлады



**Шарбақтылықтар қымызмұрындық мерекесін атап өтті. Орталық кітапхананың ауласында өткізілген дәстүрлі мейрамға ауданның барлық ауылдары қатысты. Мерейлі мерекенің өз деңгейінде, сәнімен, салтанатымен өтуіне үлесін қосты.**





Ел жайлауға көшіп, жер аяғы кеңіген жаздың алғашқы айында өткізілетін бұл мейрамның қазақтың дәстүрлі қоғамындағы алар орны биік. Маңыздылығы жоғары. Бабалар дәстүрін жалғастырып, ұлттық құндылықтар ардақталатын бұл мейрамға ел жақсылары ерекше назар аударған. Қымызмұрындық мейрамында қытымыр қыс пен көктемнің қауырт шаруасы кезінде бірін-бірі көре алмаған ағайындар бір-бірімен кездесіп, мәре-сәре болатын. Думанды мереке аудандық мәдениет үйінің әншісі Гүлнар Хабайқызының орындауындағы «Елге сәлем» әнімен басталды. Көңілге қуаныш сыйлайтын әсем әннен кейін мереке қонақтарын аудан басшысы Б.Ыбыраев құттықтады. Елге бірлік, халыққа татулық, адамдарға үлкен мерекелік көңіл күй сыйлайтын мерекенің маңыздылығына тоқталды. Бабалар дәстүрі ұлықталып, адамдарға шаттық сыйлайтын мерейлі шараның жалғасын тауып келе жатқанын атап өтті.

Сағына күтетін қымызмұрындық аудан әкімінің құттықтауынан соң әсем ән мен күйге ұласты. Аудандық балалар музыка мектебінің оқушысы Айкүміс Есенова Құрманғазының «Адай» күйін орындады. Ермек Хабай «Қазақ жастары», Гүлім Хабай халық әні «Әри-айдайды» шырқады. Думанды шарада ауылдардан келген өнерпаздар да өнер көрсетті. Малиновка ауылынан келген Шәпек Айгүл Қазтуған жыраудың «Қайран менің Еділім», ән сұңқары Жәнібек Кәрменовтың «Ойламаңдар жігіттер» толғауын орындап, әнсүйер қауымды бір серпілтіп тастады. Алексеевкалық Мадинұр Қарымсақова «Туған жер» әнін орындаса, галкиндік Халидолда Түсіп «Елім менің», «Қазақ елі» әндерін шырқады. Орловка ауылынан келген вокалдық топтар да өнер көрсетті. Хмельницкийлік Андрей Бородкин «Родная земля» «Любимая» әндерін орындады. Мерейлі мерекеде «Қарлығаш» вокалды тобы мен Ерғанат Ермектер дуэті де өнер көрсетті.

Киіз үйлер құрылып, ән шырқалып, күй қалықтаған мереке ауылды мерейге бөледі. Мерекеге келген қонақтар арнайы тігілген киіз үйлерден қымыз ішіп, қазақтың ұлттық тағамдарынан дәм татты. Бес киіз үйді қымызмұрындыққа арнап Жылыбұлақ, Хмельницкий, Татьяновка, Галкин, Шегірен, Шалдай, Алексеевка, Александровка, Сынтас, Орловка, Сосновка, Красиловка ауылдық округтері құрса, бір үйді Шарбақты ауылы мен аудан орталығындағы бөлімдер құрды. Мерейлі шараның өтуіне мұсылман әйелдері лигасының аудандық филиалы да үлкен үлес қосты. Дастархан жайып, қонақтарын құрметпен күтіп алды. Аудан әкімі Балғабай Ыбыраев, аудандық мешіттің имамы Райымбек Әділұлы бастаған құрметті қонақтар әрбір үйде болып, халықтың мерекелік көңіл-күйін өз көздерімен көрді. Халықтың мерекеге деген ықыласы мен ынтымақ бірлігіне риза болып, рахметтерін айтты.

Қымызмұрындық шарбақтылықтарға мерекелік көңіл-күй сыйлады. Сары қымыздан дәм татып, әсем ән мен қоңыр күй тыңдаған село тұрғындары мерекені ұйымдастырушыларға риза болды.

# Шарбақты ауданы әкімдігінің қаулысы

**2015 ЖЫЛ, 21 МАМЫР, № 150/5**

**Шарбақты ауданы әкімдігінің атқарушы органдарының «Б» корпусындағы әкімшілік мемлекеттік қызметшілердің қызметін жыл сайын бағалау әдістемесін бекіту туралы**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңының 16-бабына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 21 қаңтардағы «Мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің қызметіне жыл сайынғы бағалау жүргізу және оларды аттестаттаудан өткізу қағидаларын бекіту туралы» № 327 Жарлығына, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2014 жылғы 29 желтоқсандағы «Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін жыл сайынғы бағалаудың үлгілік әдістемесін бекіту туралы» № 86 бұйрығына сәйкес, Шарбақты ауданы әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған Шарбақты ауданы әкімдігі атқарушы органдарының «Б» корпусындағы әкімшілік мемлекеттік қызметшілердің қызметін жыл сайын бағалау әдістемесі бекітілсін.

2. «Шарбақты ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің басшысы заңнамада белгіленген тәртіпте:

осы қаулыны аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркеуден өткізуді;

осы қаулыны аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркеуден өткізгеннен кейін күнтізбелік он күн мерзімінде бұқаралық ақпарат құралдарында ресми түрде жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

3. Осы әдістеменің орындалуын бақылау аудан әкімінің аппарат басшысының міндетін атқарушы Марат Қамзаұлы Ақтаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**АУДАН ӘКІМІ Е. АСҚАРОВ**

***Павлодар облысының әділет департаментінде 2015 жылғы 26 маусымда тіркелген. Тіркеу № 4542***

**ШАРБАҚТЫ АУДАНЫ ӘКІМДІГІНІҢ 2015 ЖЫЛҒЫ 21 МАМЫРДАҒЫ № 150/5 ҚАУЛЫСЫМЕН БЕКІТІЛДІ**

**Шарбақты ауданы әкімдігі атқарушы органдарының «Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін жыл сайынғы бағалаудың әдістемесі**

### 1. Жалпы ережелер

1. Осы Шарбақты ауданы әкімдігі атқарушы органдарының «Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін жыл сайынғы бағалаудың әдістемесі Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 21 қаңтардағы № 327 «Мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің қызметіне жыл сайынғы бағалау жүргізу және оларды аттестаттаудан өткізу қағидаларын бекіту туралы» Жарлығын іске асыру үшін әзірленді және «Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің (бұдан әрі - қызметшілер) қызметіне жыл сайынғы бағалау жүргізу тәсілін айқындайды.

2. Қызметшілердің қызметін жыл сайынғы бағалау (бұдан әрі - бағалау) олардың жұмыс тиімділігі мен сапасын айқындау үшін жүргізіледі.

3. Бағалау мемлекеттік әкімшілік қызметте болған әрбір жыл өткен сайын, көрсетілген мерзім басталған күннен бастап үш айдан кешіктірілмей, бірақ осы лауазымға орналасқан күннен бастап алты айдан ерте емес мерзімде жүргізіледі.

4. Қызметшілерді бағалау мыналардан:

1) қызметшінің тікелей басшысының бағалауы;

2) айналмалы бағалау (қызметшінің қарамағындағы немесе олардың әріптестерінің бағалауы).

Қызметшінің тікелей басшысы оның лауазымдық нұсқаулығына сәйкес өзі бағынатын тұлға болып табылады.

5. Бағалау нәтижелері бойынша қызметшілер қызметіндегі кемшіліктерді жою бойынша ұсыныстар әзірленеді, олардың қызметіндегі жақсартуды қажет ететін бағыттар айқындалады, тағылымдамадан өткізу, ілгерілету бойынша ұсыныстар әзірленеді.

6. Қызметшінің соңғы үш жыл бойы екі «қанағаттанарлықсыз» деген баға алуы, оны аттестаттаудан өткізуге негіз болып табылады.

Аттестаттаудан өткізу туралы шешім қабылдау кезінде алдыңғы аттестаттаудан өткізуге негіз болған бағалау нәтижелері ескерілмейді.

7. «Қанағаттанарлықсыз» деген баға алған қызметші мемлекеттік әкімшілік лауазымға алғаш қабылданған тұлғаға тәлімгер ретінде бекітілмейді.

8. Қызметшінің қорытынды бағасын тұрақты жұмыс істейтін Бағалау жөніндегі комиссия (бұдан әрі - Комиссия) бекітеді, оны қызметшіні лауазымға тағайындау және лауазымнан босату құқығы бар адам құрады.

9. Комиссия кемінде үш мүшеден, соның ішінде төрағадан тұрады.

10. Дауыс беру қорытындысы Комиссия мүшелерінің көпшілік дауысымен айқындалады. Дауыс саны тең болған жағдайда, Комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

Комиссия төрағасы Шарбақты ауданы әкімі аппаратының басшысы болып табылады.

Комиссия хатшысы Шарбақты ауданы әкімі аппаратының персоналды басқару қызметінің (бұдан әрі - персоналды басқару қызметі) қызметкері болып табылады. Комиссия хатшысы дауыс беруге қатыспайды.

Егер Комиссия құрамына оған қатысты бағалау жүргізілетін қызметшінің тікелей басшысы, сондай-ақ осы Әдістеменің 4-тармағы 2) тармақшасында көрсетілген қызметшілер кіретін болса, олар осы қызметшіге қатысты дауыс беруге және шешім қабылдауға қатыспайды.

### 2. Бағалау жүргізуге дайындық

11. Персоналды басқару қызметі Комиссия төрағасының келісімі бойынша бағалауды өткізу кестесін әзірлейді.

Персоналды басқару қызметі бағалау өткізуге дейін бір айдан кешіктірмей бағаланатын қызметшіге, сондай-ақ осы Әдістеменің 4-тармағында көрсетілген тұлғаларға бағалау жүргізілетіні туралы хабарлайды және оларға толтыру үшін бағалау парағын жібереді.

### 3. Тікелей басшының бағалауы

12. Тікелей басшы осы Әдістеменің 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша тікелей басшысының бағалау парағын персоналды басқару қызметінен алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде толтырады, қызметшіні толтырылған бағалау парағымен таныстырады және екі жұмыс күні ішінде толтырылған бағалау парағын персоналды басқару қызметіне қайтарады.

Қызметшіні толтырылған бағалау парағымен таныстыру жазбаша немесе электронды нысанда жүргізіледі.

Қызметшінің танысудан бас тартуы құжаттарды Комиссия отырысына жіберуге кедергі бола алмайды. Бұл жағдайда персоналды басқару қызметінің қызметкері және тікелей басшы танысудан бас тарту туралы еркін нұсқада акт жасайды.

### 4. Айналмалы бағалау

13. Айналмалы бағалау қызметшінің қарамағындағы адамдардың, ал қарамағындағы адамдар болмаған жағдайда - қызметші жұмыс істейтін құрылымдық бөлімшеде лауазымды атқаратын адамның (олар болған жағдайда) бағалауын білдіреді.

Мұндай адамдардың тізімін (үш адамнан аспайтын) қызметшінің лауазымдық міндеттері және қызметтік өзара әрекеттестігіне қарай персоналды басқару қызметі бағалау жүргізілгенге бір айдан кешіктірмей анықтайды.

14. Осы Әдістеменің 13-тармағында көрсетілген тұлғалар осы Әдістеменің 2-қосымшасына сәйкес нысанда айналмалы бағалау парағын толтырады.

15. Осы Әдістеменің 13-тармағында көрсетілген тұлғалармен толтырылған бағалау парағы оларды алған күннен екі жұмыс күні ішінде персоналды басқару қызметіне жіберіледі.

16. Персоналды басқару қызметі осы Әдістеменің 13-тармағында көрсетілген тұлғалардың орта бағасын есептейді.

17. Осы Әдістеменің 13-тармағында көрсетілген тұлғалармен бағалау жасырын түрде жүргізіледі.

### 5. Қызметшінің қорытынды бағасы

18. Персоналды басқару қызметі қызметшінің қорытынды бағасын мына формула бойынша Комиссия отырысына дейін бес жұмыс күнінен кешіктірмей есептейді:

$a = b + c$

онда, a - қызметшінің қорытынды бағасы,

b - тікелей басшының бағасы,

c - осы Әдістеменің 13-тармағында көрсетілген тұлғалардың орта бағасы.

19. Қорытынды баға мына шкала бойынша қойылады:

21 баллдан төмен - «қанағаттанарлықсыз»,

21-ден 33 балға дейін - «қанағаттанарлық»,

33 баллдан жоғары - «тиімді».

### 6. Комиссияның бағалау нәтижелерін қарауы

20. Персоналды басқару қызметі Комиссия төрағасымен келісілген кестеге сәйкес бағалау нәтижелерін қарау бойынша Комиссияның отырысын өткізуді қамтамасыз етеді.

Персоналды басқару қызметі Комиссияның отырысына мына құжаттарды:

1) толтырылған тікелей басшының бағалау парағын;

2) толтырылған айналмалы бағалау парағын;

3) қызметшінің лауазымдық нұсқаулығын;

4) осы Әдістеменің 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша Комиссия отырысы хаттамасының жобасын тапсырады.

21. Комиссия бағалау нәтижелерін қарастырады және мына шешімдердің бірін шығарады:

1) бағалау нәтижелерін бекітеді;

2) персоналды басқару бөлімі бағалау нәтижелерін қайта қарайды.

Бағалау нәтижелерін қайта қарау туралы шешім қабылдаған жағдайда Комиссия хаттамада тиісті түсіндірмемен келесі жағдайларда бағаны түзетеді:

1) егер қызметшінің қызмет тиімділігі бағалау нәтижесінен көп болса, бұл ретте қызметшінің қызмет нәтижесіне құжаттамалық растау беріледі;

2) қызметшінің бағалау нәтижесін санауда қате жіберілсе.

Бұл ретте қызметшінің бағасын төмендетуге жол берілмейді.

22. Персоналды басқару қызметі бағалау нәтижелерімен ол аяқталған соң бес жұмыс күні ішінде қызметшіні таныстырады.

Қызметшіні бағалау нәтижелерімен таныстыру жазбаша немесе электронды нысанда жүргізіледі.

Қызметшінің танысудан бас тартуы бағалау нәтижелерін оның қызметтік тізіміне енгізуге кедергі бола алмайды. Бұл жағдайда персоналды басқару қызметінің қызметкері танысудан бас тарту туралы еркін нұсқада акт жасайды.

23. Осы Әдістеменің 20-тармағында көрсетілген құжаттар, сондай-ақ комиссия отырысының қол қойылған хаттамасы персоналды басқару қызметінде сақталады.

### 7. Бағалау нәтижелеріне шағымдану

24. Комиссия шешіміне қызметшінің мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға немесе оның аумақтық департаментіне шағымдануы шешім шыққан күннен бастап он жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

5. Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган немесе оның аумақтық департаменті қызметшіден шағым түскен күнінен бастап он жұмыс күні ішінде шағым қарайды және бұзушылықтар анықталған жағдайда, мемлекеттік органға Комиссия шешімінің күшін жою туралы ұсыныс жасайды.

26. Қабылданған шешім туралы ақпаратты мемлекеттік орган екі апта ішінде мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға немесе оның аумақтық департаментіне береді.

**ШАРБАҚТЫ АУДАНЫ ӘКІМДІГІ АТҚАРУШЫ ОРГАНДАРЫ «Б» КОРПУСЫ МЕМЛЕКЕТТІК ӘКІМШІЛІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРІНІҢ ҚЫЗМЕТІН ЖЫЛ САЙЫНҒЫ БАҒАЛАУ ӘДІСТЕМЕСІНЕ 1-ҚОСЫМША**

***НЫСАН***

**Тікелей басшысының бағалау парағы**

**Бағаланатын қызметшінің Т.А.Ә.:______________________________________**

**Бағаланатын қызметшінің лауазымы: ___________________________________**

| №р/н | Өлшем | Көрсеткіштің мәні (саны) | Баға (балл) |
|---|---|---|---|
| 1. | Бастамашылығы | 2-ден 5-ке дейін | |
| 2. | Лауазымды міндеттерін орындау сапасы | 2-ден 8-ге дейін | |
| 3. | Әрекеттестікке икемділігі | 2-ден 5-ке дейін | |
| 4. | Қызметтік этиканы сақтауы | 2-ден 5-ке дейін | |
| | **БАРЛЫҒЫ** (барлық бағалардың бағасы): | | |

Таныстым:
қызметші Т.А.Ә. __________________
күні __________________________
қолы __________________________

Тікелей басшысы
Т.А.Ә.________________________
күні__________________________
қолы__________________________

**ШАРБАҚТЫ АУДАНЫ ӘКІМДІГІ АТҚАРУШЫ ОРГАНДАРЫ «Б» КОРПУСЫ МЕМЛЕКЕТТІК ӘКІМШІЛІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРІНІҢ ҚЫЗМЕТІН ЖЫЛ САЙЫНҒЫ БАҒАЛАУ ӘДІСТЕМЕСІНЕ 2-ҚОСЫМША**

***НЫСАН***

**Айналмалы бағалау парағы**

**Бағаланатын қызметшінің Т.А.Ә.: ______________________________**

**Бағаланатын қызметшінің лауазымы: ___________________________**

| №р/н | Өлшем | Көрсеткіштің мәні | Баға (балл) |
|---|---|---|---|
| | **Бағынышты адам** | | |
| 1. | Жұмысты жоспарлай алу қабілеті | 2-ден 5-ке дейін | |
| 2. | Жұмысқа ынталандыру қабілеті | 2-ден 5-ке дейін | |
| 3. | Қызметтік этиканы сақтауы | 2-ден 5-ке дейін | |
| | **Барлығы** (барлық бағалардың бағасы) | | |
| | **Әріптесі** | | |
| 1. | Топта жұмыс істей алу қабілеті | 2-ден 5-ке дейін | |
| 2. | Қызметтік этиканы сақтауы | 2-ден 5-ке дейін | |
| 3. | Лауазымды міндеттерін орындау сапасы | 2-ден 5-ке дейін | |
| | **Барлығы** (барлық бағалардың бағасы) | | |

**ШАРБАҚТЫ АУДАНЫ ӘКІМДІГІ АТҚАРУШЫ ОРГАНДАРЫ «Б» КОРПУСЫ МЕМЛЕКЕТТІК ӘКІМШІЛІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРІНІҢ ҚЫЗМЕТІН ЖЫЛ САЙЫНҒЫ БАҒАЛАУ ӘДІСТЕМЕСІНЕ 3-ҚОСЫМША**

***НЫСАН***

Бағалау жөніндегі комиссия отырысының хаттамасы

_____________________________________________________

***(мемлекеттік орган атауы)***

| № р/н | Қызметшінің Т.А.Ә. | Тікелей басшының бағасы | Айналмалы баға | Қорытынды баға |
|---|---|---|---|---|
| 1 | | | | |
| ... | | | | |

Комиссия қорытындысы:
________________________________________________________

Тексерген:
Комиссия хатшысы: _______________________ Күні:
*(Т.А.Ә.,қолы)*
Комиссия төрағасы:_______________________ Күні:
*(Т.А.Ә., қолы)*
Комиссия мүшесі: ________________________ Күні:
*(Т.А.Ә., қолы)*

# Шарбақты ауданы әкімдігінің қаулысы

**2015 ЖЫЛҒЫ 21 МАМЫР, № 151/5 ҚАУЛЫ**

**«Шарбақты ауданында 2015 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы»**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы» Заңының 31 бабы 2 тармағына, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңының 6 бабы 4 тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес Шарбақты ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Шарбақты ауданында 2015 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің әлеуметтік сұрақтары бойынша орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**АУДАН ӘКІМІ Е.АСҚАРОВ**

***Павлодар облысының әділет департаментінде 2015 жылғы 26 маусымда тіркелген. Тіркеу № 4540***

**ШАРБАҚТЫ АУДАНЫ ӘКІМДІГІНІҢ 2015 ЖЫЛҒЫ 21 МАМЫРДАҒЫ № 151/5 ҚАУЛЫСЫНА ҚОСЫМША**

**Шарбақты ауданы бойынша 2015 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері**

| Р/с№ | Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту ұйымдарының атауы | Мемлекеттік білім беру орындарының тапсырысы | Мектепке дейінгі ұйымдарда айына жан басына қаржыландыру мөлшері, теңге | Мектепке дейінгі ұйымдарда ата-ананың айына ақы төлеу мөлшері, теңге |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 1 | «Шарбақты ауданы әкімдігінің, Шарбақты ауданы Шарбақты ауылы әкімі аппаратының «Айгөлек» бөбектер бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны» | 140 (жергілікті бюджет) (республикалық бюджет) | 20683 3872 | 3 жасқа дейін-8000 3-тен 7 жасқа дейін -8000 |
| 2 | «Шарбақты ауданы әкімдігінің Шарбақты ауданы Алексеевка ауылдық округі әкімі аппаратының «Балбөбек» бөбектер бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны» | 50 (жергілікті бюджет) (республикалық бюджет) | 28370 2042 | 3 жасқа дейін - 6000 3-тен 7 жасқа дейін - 7000 |
| 3 | «Шарбақты ауданы әкімдігінің Шарбақты ауданы Орловка ауылдық округі әкімі аппаратының «Ақбота» бөбектер бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны» | 50 (жергілікті бюджет) (республикалық бюджет) | 24297 1970 | 3 жасқа дейін - 6300 3-тен 7 жасқа дейін - 6300 |
| 4 | «Шарбақты ауданы әкімдігінің Шарбақты ауданы Александровка ауылдық округі әкімі аппаратының «Балапан» бөбектер бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны» | 50 (жергілікті бюджет) (республикалық бюджет) | 23035 1757 | 3 жасқа дейін - 5700 3-тен 7 жасқа дейін - 5700 |
| 5 | «Шарбақты ауданы әкімдігінің Шарбақты ауданы Шалдай ауылдық округі әкімі аппаратының «Бүлдіршін» бөбектер бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны» | 50 (республикалық бюджет) | 23172 | 3 жасқа дейін - 6500 3-тен 7 жасқа дейін - 6500 |

# ШАРБАҚТЫ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ

**(V ОТЫРЫСТЫҢ LXI КЕЗЕКТЕН ТЫС СЕССИЯСЫ)**
**ШАРБАҚТЫ СЕЛОСЫ № 217/61 2015 ЖЫЛҒЫ 22 МАУСЫМ**

**Шарбақты аудандық мәслихатының 2014 жылғы 15 қаңтардағы № 106/37 «Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және Шарбақты ауданындағы мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларын бекіту туралы» шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6–бабы 2–3 – тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 «Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қаулысына сәйкес Шарбақты аудандық мәслихаты ШЕШІМ ЕТЕДІ:

1. Шарбақты аудандық мәслихатының 2014 жылғы 15 қаңтардағы № 106/37 «Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және Шарбақты ауданының мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларын бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3696 тіркелген, 2014 жылғы 27 ақпандағы ауданның «Маралды» газетінде, 2014 жылғы 27 ақпандағы ауданның «Трибуна» газетінде жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер мен қосымшалар енгізілсін:

осы аталған шешіммен бекітілген әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және Шарбақты ауданындағы мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларында:

1 тармақ келесі мазмұндағы 12), 13) тармақшалармен толықтырылсын:

«12) шартты ақшалай көмек – нақты ақшамен төленетін, мемлекеттің жеке тұлғаға немесе отбасыға айлық табысы төменгі күнкөріс деңгейінен 60 пайыз төмен отбасының әлеуметтік белсенділігін арттыру келісімшарттары негізіндегі талаптары;

13) отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшарты – жұмысқа қабілетті жеке тұлғамен, отбасы үшін оның атынан шартты ақшалай көмек алуды тағайындауға қатысушы, және тараптардың құқықтары мен міндеттерін анықтайтын өкілетті орган.»;

7 тармақта:

9) тармақшаның 10 абзацындағы «өрт» сөзі «тұрғын жайдың өрті» деген сөздермен алмастырылсын;

келесі мазмұндағы 11) тармақшамен толықтырылсын:

«11) жан басына шыққанда отбасының орташа табысы, күнкөріс деңгейінің 60 пайызынан аспайтын отбасылар.»;

9 тармақтың 1) тармақшасының екінші абзацындағы «күнкөріс деңгейінен 1,5 еселі ара қатынасынан» сандары мен сөздері «төменгі күнкөріс деңгейі белгіленген мөлшері» сөздеріне алмастырылсын»;

9 тармақтың 2) тармақшасы келесі мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

«осы Қағиданың 7 тармағының 11) тармақшасындағы көрсетілген санаттар үшін, әлеуметтік келісімшарт негізіндегі әлеуметтік көмек мөлшері отбасының әрбір мүшесіне (тұлғаға) жан басына шаққандағы табысы облыстарда бекітілген төменгі күнкөріс деңгейі мөлшерінің 60 пайызы арасындағы айырмашылық болып белгіленеді (шартты ақшалай көмек мөлшері отбасы құрамының өзгерген жағдайында, сонымен қатар, отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшартын жасағандағы табысты есепке алғанда атаулы әлеуметтік көмек төлемдері тоқтатылған жағдайында, көрсетілген жағдайдың болған кезінен бастап қайта есептеледі, бірақ оның тағайындау кезінен бұрын емес).».

келесі мазмұндағы 25-1 тармағымен толықтырылсын:

«25-1. Отбасының әлеуметтік көмек алу үшін жүгіну кезінде, әлеуметтік келісімшарт негізінде уәкілетті орган, ауылдық округ әкімі кеңес беру кезінде оның қызмет көрсету шарттарын түсіндіреді және отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшартының қорытындысы келісім берген кезде, азаматпен әңгіме жүргізеді, оның барысында отбасының (азаматтың) мәселелері туралы ақпаратты нақтылайды, өмірлік қиын жағдайдан шығу мүмкіндіктерін айқындайды, сондай ақ алдын ала белгілейді:

1) талапкердің шартты ақшалай көмек алуына құқығы;

2) жұмыспен қамтуда мемлекеттік шаралардың жәрдемі.

Әңгімелесу нәтижесі бойынша әңгімелесу парақшасы рәсімделеді және өтініш берушінің отбасы және материалдық жағдайы туралы, осы Қағиданың 1 және 2 қосымшаларына сәйкес сауалнама толтырылады.

Өтініш беруші шартты ақшалай көмек алу үшін осы қағиданың 3 қосымшасына сәйкес өтініш береді.

Әлеуметтік келісімшарт негізіндегі әлеуметтік көмек алуға талаптанған отбасының (тұлғаның) табысы әлеуметтік келісімшарт негізінде әлеуметтік көмек алу үшін жолданған тоқсанның алдындағы тоқсандағы жиынтық табысын отбасы мүшелерінің санына үш айға бөлу жолымен есептеледі, атаулы әлеуметтік көмек алушылардан басқа және отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшартының қолдану мерзімі кезінде қайта қарастырылмайды.

Сонымен бірге, мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға талаптанған тұлғаның (отбасының) жиынтық табысы Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министрінің 2009 жылғы 28 шілдедегі № 237-п Бұйрығымен бекітілген жиынтық табысын есептеу Қағидасына сәйкес есептеледі.

Өмірлік қиын жағдайдың басталуы кезіндегі әлеуметтік көмек, (тұлғаның) отбасының жұмысқа қабілетті мүшелерінің жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларына қатысу келісімшарттар негізіндегі тұлғаның (отбасының) белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшартын жасағанда жан басына шыққандағы айлық табысы төменгі күнкөріс деңгейінің 60 пайызынан аспайтын және отбасы мүшелерінің, оның ішінде жұмысқа қабілетті мүшелерінің әлеуметтік бейімделу қажеттілігі болған жағдайда көрсетіледі.

Әлеуметтік келісімшарт негізіндегі әлеуметтік көмек отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшартын қолдану мерзіміне беріледі және ай сайын немесе талапкердің өтініші бойынша үш айда бір рет төленеді.

Әлеуметтік келісімшарт негізіндегі әлеуметтік көмегінің біржолғы сомасы тек әлеуметтік келісімшарт бойынша міндеттемелерге байланысты іс-шараларына қолданылуы тиіс, соның ішінде бұрынғы қарыздарының шығындарын төлеу, жылжымайтын мүлік алуға, сондай ақ сауда саласындағы қызметті жүзеге асырудан басқа жеке қосалқы шаруашылығын дамытуға (мал, құс сатып алуға және басқа да), жеке кәсіпкерлік қызметін ұйымдастыруға.»;

келесі мазмұндағы 3-1 бөліммен толықтырылсын:

«3-1. Отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшартын жасау».

Өтініш берушімен отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшарт, осы Қағиданың 4 қосымшасындағы нысанына сәйкес жасалады.

Әлеуметтік келісімшарт негізіндегі әлеуметтік көмегін алу құқығын белгілегеннен кейін уәкілетті орган өтініш берушіні және (немесе) оның отбасы мүшелерін көмек көрсетудің жеке жоспарын осы Қағиданың 5 қосымшасындағы нысанына сәйкес әзірлеуге және отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшартын жасауға шақырады.

Сонымен қатар 1 және 2 топтағы мүгедектерден, оқушылардан, студенттерден, тыңдаушылардан, курсанттар мен күндізгі оқу магистранттарынан басқаларын оның ішінде өзін-өзі жұмыспен қамтығандар, жұмыссыздар бір жұмыс күні ішінде жұмыспен қамту орталығына жұмыспен қамтуға жәрдемдесу іс-шараларына белсенді қатысу үшін жолданады немесе Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңына сәйкес жергілікті бюджет қаражатымен іске асырылатын басқада жұмыспен қамтуға жәрдемдесу іс-шараларына қатысуға жолдамалар ұсынылады.

Жеке жоспар өтініш беруші және (немесе) оның отбасы мүшелерімен бірігіп әзірленеді және аз қамтылған азаматтардың тұрмыс деңгейін жақсарту үшін отбасын (азаматты) кәсіби және әлеуметтік бейімдеу бойынша жоспарланған іс-шаралардан жасалады, соның ішінде:

уәкілетті органның және (немесе) Жұмыспен қамту орталығының жәрдемдесуімен белсенді жұмыс іздеу және олар ұсынған жұмыс орнына орналастыру;

кәсіби даярлаудан, қайта даярлаудан және біліктілігін арттырудан өту;

жеке кәсіпкерлікті жүзеге асыру, жеке қосалқы шаруашылықты жүргізу;

халықтың мақсатты тобында мерзімді скрининг қаралуынан өту;

отбасы құрамында жүкті әйел болған жағдайында, акушерлік-гинекологиялық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарына 12 аптаға дейінгі жүктілік бойынша тіркеуге тұрғызу және жүктілік мерзімінің аяғына дейін бақылауда ұстау;

маскүнемдік, нашақорлық, туберкулез сияқты сырқаттар болған жағдайда өз еркімен емделу;

арнаулы әлеуметтік көмек және (немесе) мүгедектерді оңалту шараларын дер кезінде алу;

аз қамтылған отбасының (азаматтың) қажеттілігіне байланысты уәкілетті органның қарауы бойынша кәсіптік және әлеуметтік бейімделу бойынша басқа да іс-шаралар.

Келесі жағдайлардан басқа, жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларына қатысу отбасының жұмысқа қабілетті мүшесінің міндетті шарты болып табылады:

стационарлық, амбулаториялық (санаторлық) емделудің мерзімінде (медициналық ұйымдардан құжаттардың сәйкестігін куәландыратын қажетті құжаттарды ұсынған жағдайда);

жұмыспен қамтуға жәрдемдесу мемлекеттік шараларына қатысуға негізгі талапкердің жүзеге асыруынан басқа, үш жасқа дейінгі балаға қарау, он сегіз жасқа толғанға дейінгі мүгедек – балаға, бірінші және екінші топтағы мүгедектерге, үнемі көмек және күтімді қажет ететін сексен жастан асқан қарт адамдарға.

Отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшарты алты

айға, тағыда алты айға ұзарту мүмкіндігімен, бірақ бір жылдан көп емес отбасы мүшелерінің әлеуметтік бейімделуін ұзарту қажет болған жағдайда және (немесе) отбасының жұмысқа қабілетті мүшелерінің кәсіби оқуын бітірмеген

жағдайда және (немесе) жастар практикасынан өтуде және (немесе) әлеуметтік

жұмыс орындарында жұмыс істеу жағдайында жасалады.

Отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшарты ұзартылған кезде әлеуметтік келісімшарт негізіндегі әлеуметтік көмек мөлшері қайта қарастырылмайды.

Отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшарты екі данада жасалады, біреуі өтініш берушіге, тіркеу журналында қолын қойғызып беріледі, екіншісі отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшарт жасаған ұйымында сақталады.

Отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшарт бойынша міндеттемелерін орындау мониторингі шартты жасаған органмен жүзеге асырылады.

Уәкілетті орган отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшарттың барлық кезеңінде қолдау жасайды және жеке жоспардың орындалуын бақылайды, сондай ақ оның тиімділігін бағалайды.»;

26 тармақты келесі мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

«5) отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшартының және әлеуметтік келісімшартының міндеттемелерін орындамау және (немесе) бұзу.»;

Келесі мазмұндағы 5 бөліммен толықтырылсын:

«5. Қорытынды ереже

28. Әлеуметтік көмек берудің мониторингі мен есепке алынуын уәкілетті орган «Е-Собес» автоматтандырылған ақпараттық жүйесін пайдалану арқылы жүргізеді.

осы шешімнің 1 – 5 қосымшаларына сәйкес 1 – 5 қосымшаларымен толықтырылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Шарбақты аудандық мәслихатының тұрақты комиссияларына жүктелсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Сессия төрағасы Л. Маринко**
**Аудандық мәслихат**
**хатшысы Т. Абдрахманов**

***Павлодар облыстық Әділет департаментінде Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде 2015 жылғы 3 шілдеде № 4570 тіркелген.***

---

**ШАРБАҚТЫ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ 2015 ЖЫЛҒЫ 22 МАУСЫМДАҒЫ № 217/61 ШЕШІМІНЕ 1 – ҚОСЫМША**

**2014 ЖЫЛҒЫ 15 ҚАҢТАРДАҒЫ ШАРБАҚТЫ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ № 106/37 ШЕШІМІМЕН БЕКІТІЛГЕН ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК КӨРСЕТУДІҢ, ОНЫҢ МӨЛШЕРЛЕРІН БЕЛГІЛЕУДІҢ ЖӘНЕ ШАРБАҚТЫ АУДАНЫНДАҒЫ МҰҚТАЖ АЗАМАТТАРДЫҢ ЖЕКЕЛЕГЕН САНАТТАРЫНЫҢ ТІЗБЕСІН АЙҚЫНДАУДЫҢ ҚАҒИДАЛАРЫНА 1 ҚОСЫМША**

**Шартталған ақшалай көмек алу үшін сауалнама парағы**

Өтініш берушінің Т.А.Ә. ____________________________________________________

Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі маманының Т.А.Ә.
______________________________________________________________

Отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшарты негізінде шартты ақшалай көмек алуға өтініш берген күн ___________________

Отбасының (жалғыз тұратын азаматтың) сипаттамасы: ___________________

Отбасының жұмыс істемейтін ересек мүшелерінің еңбек қызметі (жұмыс орны, лауазымы, жұмыстан шығу себептері):

| Отбасы мүшелері | Кәсібі | Соңғы жұмыс орны , жұмыс тан шығу себептері | Жалпы жұмыс өтілі | Соңғы жұмыс орнындағы жұмыс өтілі | Еңбек дағдылары мен шеберлігі | Жұмыссыздық кезеңінің ұзақтығы |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Өтініш беруші | | | | | | |
| Зайыбы (жұбайы) | | | | | | |
| Басқа ересектер | | | | | | |

Еңбек қызметінің мүмкіндіктері (пікір):
Өтініш беруші:_______________________________________________
Зайыбы (жұбайы):_____________________________________________
Отбасының басқа да ересек мүшелері: ___________________________
Отбасы мүшелері арасындағы қарым-қатынас ______________________
Отбасындағы қиындықтар ______________________________________
Отбасының мүмкіндіктері (әлеуеті) – жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі маманының бағасы ____________________________
Проблемалар, мазасыздық (бүгінгі күннің қиындықтары), не кедергі келтіреді __________
Отбасының (жалғыз тұратын азаматтың) қалауы ____________________
Басқа ______________________________________________________

**Тараптардың қолы**

Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі
__________________(қолы)
________________( күні)

Қатысушы (лар)
_________________(қолы)
_________________( күні)

---

**ШАРБАҚТЫ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ 2015 ЖЫЛҒЫ 22 МАУСЫМДАҒЫ № 217/61 ШЕШІМІНЕ 2 – ҚОСЫМША**

**2014 ЖЫЛҒЫ 15 ҚАҢТАРДАҒЫ ШАРБАҚТЫ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ № 106/37 ШЕШІМІМЕН БЕКІТІЛГЕН ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК КӨРСЕТУДІҢ, ОНЫҢ МӨЛШЕРЛЕРІН БЕЛГІЛЕУДІҢ ЖӘНЕ ШАРБАҚТЫ АУДАНЫНДАҒЫ МҰҚТАЖ АЗАМАТТАРДЫҢ ЖЕКЕЛЕГЕН САНАТТАРЫНЫҢ ТІЗБЕСІН АЙҚЫНДАУДЫҢ ҚАҒИДАЛАРЫНА 2 ҚОСЫМША**

**Өтініш берушінің отбасылық және материалдық жағдайы туралы сауалнама**

**Бір мекенжай бойынша тіркелген өтініш беруші мен отбасы мүшелері туралы мәліметтер**

| Т.А.Ә. | Туған жылы | Туыстық қатысы | Негізгі қызметі(жұмыс істеуші, жұмыс істейтін зейнеткер, жасына байланысты зейнеткер, мүгедек, жұмыссыз, бала күтімі бойынша демалыста, үй шаруасындағы әйел, студент, оқушы, мектеп жасына дейінгі бала) | Жұмыс істейтін адамдар үшін жұмыс орны және лауазымы, оқушылар үшін қазіргі уақыттағы оқу орны | 15 жастан асқан адамдар үшін білімі (растайтын құжаты бар білімі |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| | | | | | |
| Басқа мекенжай бойынша тіркелген отбасы мүшелері туралы мәліметтер (зайыбы/жұбайы, кәмелеттік жасқа толмаған балалары): | | | | | |
| | | | | | |

Мектепке жасына дейінгі балалар мектепке дейінгі ұйымға бара ма ___________

Өтініш берушінің және отбасы мүшелерінің шартты ақшалай көмек алуға өтініш берген айдың алдындағы 12 айдағы табыстары туралы мәліметтер (табыстың барынша дәл санын жазыңыз). Ақпараттық жүйелерден алынған деректер шартты ақшалай көмек сомасын есептеу үшін негіз болып табылады.

| Р/с № | Өтініш берушінің және отбасы мүшелерінің Т.А.Ә. | Жұмыс, оқу орны (жұмыссыздар жұмыспен қамту уәкілетті органының тіркелімінде екенін растайтын анықтама ұсынады) | Құжатпен расталған табыс сомасы | | Басқа да көрсетілген табыстары | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | Жұмыс орны қызметінен | Зейнетақы, жәрдемақы | Кәсіпкерлік қызметтен | шәкіртақы | алименттер | Басқа да табыстар |
| | | | | | | | | |
| | | | | | | | | |

* Отбасының тұрғын үй-тұрмыстық жағдайы:
тұрғын ауданы: ________ шаршы метр; меншік нысаны: ________;
ас үй, қойма және дәлізді есептемегенде бөлмелер саны; тұрғын үйдің сапасы (қалыпты жағдайда, ескі, авариялық жағдайда, жөнделмеген);

*(қажеттісінің астын сызу)*

үйдің материалы (кірпіш, ағаш, қаңқа-қамыстан жасалған, сабан, іргетасы жоқ сабан, қол астындағы материалдардан салынған, уақытша баспана, киіз үй);

*(қажеттісінің астын сызу)*

тұрғын үйдің жабдықталуы (су құбыры, дәретхана, кәріз, жылу, газ, жуынатын бөлме, лифт, телефон және т.б.)

*(қажеттісінің астын сызу)*

Менің отбасымның мүшелеріне меншік құқығында тиесілі жылжымайтын мүлік пен мүлік, жер учаскесін, шаруа қожалығын, жеке қосалқы шаруашылықты иеленуі туралы мәліметтер:

| Мүліктің түрі | Мүліктің сипаттамасы (саны, көлемі, үлгісі және т.б.) | Тиесілігі |
|---|---|---|
| | | |
| | | |

Отбасы мүшелерінің денсаулық жағдайы, мүгедектіктің, аурулардың болуы (тексеруден қашан және қайдан өтті, қандай ем қабылдайды, диспансерлік есепте тұра ма), соңғы жылдары болған операциялар немесе жарақаттар:___________________________________________
өтініш беруші ________________________________________
зайыбы (жұбайы) ______________________________________
балалар _____________________________________________
басқа да туысқандар __________________________________

16 жасқа дейінгі мүгедек бала (16 жасқа дейінгі мүгедек балалар) алатын арнаулы әлеуметтік қызметтер:_____________________________________________

Отбасының материалдық жағдайына Сіздің беретін бағаңыз:
☐тамақтануға да жетпейді;
☐тамақтануға ғана жетеді;
☐тамақтануға және басты қажеттілік заттарына ғана жетеді;
☐балаларды киіммен, аяқ киіммен және мектеп керек-жарақтарымен қамтамасыз етуге мүмкіндік жоқ;

Өмірдегі қиын жағдайдан шығуды көздейтін қызметтің бағыттары (өтініш берушінің пікірі) _____________________________________________

Сіз жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің қандай белсенді шараларына қатыса аласыз:
☐бос тұрған жұмыс орындарына жұмысқа орналастыру;
☐іске асырылатын инфрақұрылымдық жобалардың шеңберінде жұмыс орындарына орналастыру;
☐микрокредит беру;
☐кәсіптік оқыту (даярлау, қайта даярлау, біліктілікті арттыру);
☐әлеуметтік жұмыс орнына жұмысқа орналастыру;
☐«Жастар практикасына» қатысу;
әлеуметтік-экономикалық әлеуеті төмен елді мекендерден әлеуметтік-экономикалық әлеуеті жоғары елді мекендерге және экономикалық даму орталықтарына қоныс аударуға қатысу.

______________ (күні) ____________________ (Т.А.Ә.) ____________ (қолы)

---

**ШАРБАҚТЫ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ 2015 ЖЫЛҒЫ 22 МАУСЫМДАҒЫ № 217/61 ШЕШІМІНЕ 3 – ҚОСЫМША**

**2014 ЖЫЛҒЫ 15 ҚАҢТАРДАҒЫ ШАРБАҚТЫ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ № 106/37 ШЕШІМІМЕН БЕКІТІЛГЕН ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК КӨРСЕТУДІҢ, ОНЫҢ МӨЛШЕРЛЕРІН БЕЛГІЛЕУДІҢ ЖӘНЕ ШАРБАҚТЫ АУДАНЫНДАҒЫ МҰҚТАЖ АЗАМАТТАРДЫҢ ЖЕКЕЛЕГЕН САНАТТАРЫНЫҢ ТІЗБЕСІН АЙҚЫНДАУДЫҢ ҚАҒИДАЛАРЫНА 3 ҚОСЫМША**

Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі
______________________________
(облысы, ауданы, елді мекені)
______________________________
(өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты)
Тұратын мекенжайы__________________
(елді мекені, ауданы)
______________________________
(көше, үй және пәтер №, телефон)
мекенжайы бойынша тұратын
жеке куәлік № ______________________
берілген күні ______________________
ЖСН ______________________________

**(БАСЫ. СОҢЫ КЕЛЕСІ БЕТТЕ)**

(СОҢЫ. БАСЫ 3-ШІ БЕТТЕ)

## ӨТІНІШ

Мені (менің отбасымды) жобаға қабылдауды және отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшарты негізінде шартты ақшалай көмек тағайындауды сұраймын.

Осы арқылы жобаға қатысу заңдылығын бағалау үшін менің отбасымның мүшелері туралы ақпаратты (табыс, білім, негізгі қаражат) пайдалануға, сондай-ақ тиісті ақпаратты мемлекеттік органдарда тексеруге, сәйкестікке келтіруге және жаңартуға келісім беремін.

Мен берген ақпараттың құпия екендігі және ол әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру үшін ғана пайдаланылатыны туралы маған хабарланды.

Менің отбасым (мені қоса алғанда) _____ адамнан тұрады.

Отбасы құрамында өзгерістер болған жағдайда, ол туралы он бес жұмыс күні ішінде хабарлауға міндеттенемін.

Жалған ақпарат пен дәйексіз (жасанды) құжаттар бергенім үшін жауаптылық туралы маған ескертілді.

Мен атаулы әлеуметтік көмектен (отбасы атаулы әлеуметтік көмек алушы болып табылған жағдайда) бас тартамын және менің табыстарымды (менің отбасымның табыстарын) Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталығының базасындағы деректермен салыстырып тексеруге келісемін.

Құқығым болған жағдайда маған және менің отбасымның мүшелеріне бір мезгілде мынадай көмектерді көрсетуіңізді сұраймын:

□ тұрғын үй көмегі
□ арнайы әлеуметтік қызметтер
□ мүгедектерді жеке оңалту шаралары(сурдотехникалық, тифлотехникалық, протездік-ортопедичлық құралдармен, арнаулы жүріп-тұру құралдармен қамтамасыз ету, ымдау тілі маманының, жеке көмекшінің әлеуметтік қызметтерін көрсету
□ жергілікті атқарушы органдардың шешімі бойынша әлеуметтік көмек

«____»__________20__ ж. ______________________
(күні) (өтініш берушінің қолы)

Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің қызметтік белгілері үшін
_______________________________________________________________________

Құжаттар қабылданды «____»__________20__ ж.
_______________________________________________________________________
(құжаттарды қабылдаған адамның Т.А.Ә. және қолы)
Отбасының тіркеу нөмірі | |
Өтініш қоса берілген құжаттармен
«__»__________ 20__ ж. учаскелік комиссияға берілді. «__»__________ 20__ ж. қабылданды.
Құжаттарды қабылдаған учаскелік комиссия мүшесінің Т.А.Ә. және қолы
_______________________________________________________________________;
Өтініш берушінің қолы _______________

Кент, ауыл, ауылдық округ әкімінен құжаттардың қабылданған күні туралы уәкілетті органның белгісі «__»__________ 20__ ж.
Құжаттарды қабылдаған адамның Т.А.Ә., лауазымы, қолы_______________

— — — — — — — — — — — — — — — — — — — — — — — — — — — — — — — —
(қию сызығы)

Жалған ақпарат пен дәйексіз (жасанды) құжаттар бергенім үшін жауаптылық туралы ескертілдім.
Азамат ___________________________өтініші қоса берілген ______ данадағы құжаттармен, отбасының _____________ тіркеу нөмірімен «____» _____________20__ ж. қабылданды.
Құжаттарды қабылдаған адамның Т.А.Ә., лауазымы, қолы
_______________________________________________________________________

**ШАРБАҚТЫ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ 2015 ЖЫЛҒЫ 22 МАУСЫМДАҒЫ № 217/61 ШЕШІМІНЕ 4 – ҚОСЫМША**

**2014 ЖЫЛҒЫ 15 ҚАҢТАРДАҒЫ ШАРБАҚТЫ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ № 106/37 ШЕШІМІМЕН БЕКІТІЛГЕН ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК КӨРСЕТУДІҢ, ОНЫҢ МӨЛШЕРЛЕРІН БЕЛГІЛЕУДІҢ ЖӘНЕ ШАРБАҚТЫ АУДАНЫНДАҒЫ МҰҚТАЖ АЗАМАТТАРДЫҢ ЖЕКЕЛЕГЕН САНАТТАРЫНЫҢ ТІЗБЕСІН АЙҚЫНДАУДЫҢ ҚАҒИДАЛАРЫНА 4 ҚОСЫМША**

### *ОТБАСЫНЫҢ БЕЛСЕНДІЛІГІН АРТТЫРУДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК КЕЛІСІМШАРТЫ*

______________ № ____ 20 __ жылғы « _ _ _ _ _ » _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _
(жасалған орны)

Бұдан әрі «жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» деп аталатын_______ ______________________________________________атынан
(уәкілетті органның атауы)
______________________________________________
(тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде), уәкілетті өкілдің атқаратын лауазымы)

бір тараптан және бұдан әрі «қатысушы» деп аталатын «Өрлеу» жобасына қатысушы отбасы атынан азамат ______________________________________________,
(тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде), жеке басын куәландыратын құжаттың атауы, жеке сәйкестендіру нөмірі, құжаттың сериясы, нөмірі, кім және қашан берді) ________________________________мекенжай

бойынша тұратын екінші тараптан «Өрлеу» жобасына қатысуға отбасының белсенділігін арттырудың осы әлеуметтік келісімшартын (бұдан әрі – келісімшарт) төмендегілер туралы жасасты:

**1. Келісімшарт мәні**

1. Келісімшарт мәні жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі мен отбасы (адам) жүзеге асыратын отбасын (адамды) өмірлік қиын жағдайдан шығаруға бағытталған іс-шаралар кешені болып табылады.

**2. Келісімшарт тараптарының міндеттері**

2. Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі:

1) қатысушыға және (немесе) оның отбасы мүшелеріне, отбасының еңбекке қабілетті

мүшелері жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысқан жағдайда отбасының _____ мүшесіне:
______________________________________________
(отбасы мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде)
____________________ бастап ____________________ дейінгі кезеңге ай сайын ________ (__________________________) теңге мөлшерінде және (немесе) бір жолғы
(сомасы жазбаша)
_________ (__________________________) теңге
(сомасы жазбаша)
мөлшерінде________________________________
(жеке қосалқы шаруашылықты дамыту (үй малын, құсын сатып алу және т.б.), жеке кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыру)

шартты ақшалай көмекті төлейді;

2) келісімшарттың ажырамас бөлігі болып табылатын Отбасыға көмектің жеке жоспарына (бұдан әрі – Жеке жоспар) сәйкес жұмыспен қамтуға жәрдемдесу және (немесе) әлеуметтік бейімдеу (қажет болған жағдайда) бойынша іс-шаралар ұсынуды ұйымдастырады;

3) отбасының (адамның) өзін-өзі қамтамасыз етуге өтуіне ықпал және келісімшартты іске асыру мерзімі ішінде сүйемелдеуді қамтамасыз етеді;

4) Жеке жоспарда көзделген іс-шараларды іске асыруға жұмылдырылған басқа да ұйымдармен өзара іс-әрекетті жүзеге асырады;

5) қатысушының және (немесе) оның отбасы мүшелерінің Жеке жоспарды орындау бойынша (өзі немесе ассистенттерді тарта отырып) келісімшарттың міндеттемелерін орындауына тоқсан сайын мониторинг жүргізеді.

3. Қатысушы және (немесе) оның отбасы мүшелері:

1) келісімшарт талаптарын және Жеке жоспар бойынша іс-шараларды толық көлемде орындайды және өмірлік қиын жағдайдан шығу жөнінде белсенді іс-әрекеттер қабылдайды;

2) жұмыспен қамту орталығымен жасалған әлеуметтік келісімшарт (келісімшарттар) талаптарын орындайды;

3) жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің мемлекеттік шараларына қатысу нәтижесінде жұмыспен қамту орталығы және (немесе) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі ұсынған жұмыс орнына жұмысқа орналасады;

4) скринингтік тексеруден өтуі, әлеуметтік мәні бар аурулары (маскүнемдік, нашақорлық, туберкулез) болған жағдайда емделуі тиіс, сондай-ақ жүктілігі кезінде уақытында жүктіліктің 12 аптасына дейін әйелдер консультациясында тіркеуге тұрып және жүктіліктің бүкіл кезеңі ішінде бақылауда болады;

5) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне шартты ақшалай көмек тағайындауға және оның мөлшеріне әсер ететін жағдайлар туындауы туралы ақпаратты көрсетілген жағдайлар туындаған күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде ұсынады;

6) банк шотының нөмірі, тұрғылықты жері өзгерген жағдайда жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне тиісті өзгерістерді растайтын құжаттармен осы өзгерістер туралы өтініш беру жолымен хабарлайды;

7) шартты ақшалай көмекті заңсыз тағайындауға әкеп соқтырған жалған мәліметтер ұсынғаны анықталған жағдайда заңсыз алынған ақшалай қаражатты ерікті түрде қайтарады;

**3. Тараптардың құқықтары**

4. Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі:

1) отбасының (адамның) және оның отбасы мүшелерінің мұқтаждығын тексеру және

1) отбасының (адамның) және оның отбасы мүшелерінің мұқтаждығын тексеру және айқындау үшін үшінші адамдардан (кәсіпорындардан, салық органдарынан және басқа да ұйымдардан) олардың табыстары мен мүлкі туралы қосымша мәліметтер сұратады;

2) отбасының (адамның) материалдық жағдайын тексереді;

3) алынған ақпаратты шартты ақшалай көмек тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы мәселені шешу кезінде пайдаланады;

4) егер отбасы (адам) жұмыспен қамту орталығымен жасалған келісімшарттың және әлеуметтік келісімшарттың міндеттемелерін орындамаса, шартты ақшалай көмек төлеуді тоқтатады;

5) келісімшарттың уақтылы және тиісінше орындалуын талап етеді;

6) келісімшарт шеңберінде өзге де мәселелерді шешеді.

5. Қатысушы:

1) келісімшартта және Жеке жоспарда көзделген әлеуметтік қолдау шараларын алады;

2) отбасы құрамының өзгеруіне байланысты шартты ақшалай көмекті қайта есептеуді талап етеді;

3) Жеке жоспар іс-шараларының орындалуымен байланысты консультация мен ақпарат алады.

**4. Келісімшарттың талаптарын орындамағаны үшін тараптардың жауапкершілігі**

6. Қатысушы және (немесе) оның отбасы мүшелері шартты ақшалай көмек тағайындауға берілген өтініште жалған немесе толық емес мәліметтер көрсеткені үшін қолданыстағы заңнамаға сәйкес жауапты болады.

7. Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі мен жұмыспен қамту орталығы отбасына (адамға) келісімшартта және әлеуметтік келісімшартта, сондай-ақ Жеке жоспарда көзделген көлемде әлеуметтік қолдау көрсетуге жауапты болады.

8. Осы келісімшартты және әлеуметтік келісімшартты сүйемелдеуді және оның мониторингін жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі мен жұмыспен қамту орталығы жүргізеді.

9. Келісімшарт талаптарын орындамағаны және (немесе) тиісінше орындамағаны үшін тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапты болады.

**5. Күтпеген жағдайлар**

10. Тараптар азаматтық заңнамада көзделген күтпеген жағдайлар туындаған кезде міндеттерін толық немесе ішінара орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады.

11. Күтпеген жағдайлар туындаған кезде осы келісімшартқа сәйкес қандай да болсын міндеттемелердің орындалуы осындай жағдайлардың туындауына байланысты мүмкін болмаған тарап күтпеген жағдайлар басталған немесе аяқталған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде хабардар етуге міндетті.

12. Егер күтпеген жағдайлардың туындауына байланысты тараптардың осы

келісімшарт бойынша міндеттемелерді толық немесе ішінара орындай алмауы____(кезеңді

көрсету) асатын болса, тараптар осы келісімшартты бұзуға құқылы.

**6. Өзге де талаптар**

. Келісімшартқа тараптардың келісімі бойынша қосымша келісімге қол қою

арқылы өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізіледі.

14. Келісімшарт қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және 20 ____ жыл қоса қолданылады.

15. Келісімшартты жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі отбасы (адам) осы келісімшарттың және жұмыспен қамту орталығы мен отбасының еңбекке қабілетті мүшелері арасында жасалған әлеуметтік келісімшарттың талаптарын орындамаған кезде бір жақты тәртіппен бұзылады.

16. Осы келісімшарт бірдей заңды күші бар екі данада жасалған.

**7. Тараптардың мекенжайлары мен деректемелері**

(уәкілетті органның толық атауы)
_________________________________
(мекенжайы)
_________________________________
(уәкілетті өкілдің тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде)
_________________________________
(қолы)

Шартты ақшалай көмек алушы
_________________________________
(тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде)
_________________________________
(мекенжайы)
_________________________________
(қолы)
_________________________________
(қолы)


# Конкурс жариялайды

**- Шарбакты ауданы ІІБ әкімшілік полиция бөлімшесі учаскелік полиция инспекторлары тобының учаскелік полиция инспекторы (С-SVR-4) – 1 бірлік.**

**Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:** 35 жастан аспаған, Қазақстан Республикасының азаматтығы, әскери қызметке жарамдылығы, білімі жоғары, мамандығы бойынша: «Заңтану» (030100), «Құқық қорғау қызметі»-(030300), Қазақстан Республикасының Конституциясын, «Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдары туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Құқық қорғау қызметі туралы», Заңдары, Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметкерлерінің ар-намыс кодексін, кәсіби іс-әрекетпен байланысты басқа да нормативтік-құқықтық актілерді білу. Осы санаттағы лауазымдар бойынша қызметтік міндеттерін орындау үшін қажетті басқа да міндетті білік-дағдылары.

Негізгі қызметтік міндеттері:

Қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, сонымен қатар төтенше немесе соғыс жағдайында. Ескерту, айқындау, қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылықтың алдын алу, қылмысты ашу, тергеу, сонымен қатар құқық бұзушылықтың алдын алу.

**Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар:** Павлодар облысы ІІД Кадр жұмысы басқармасына бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған күннен бастап 15 жұмыс күні өткеннен кейін (бекітілген нысан бойынша өтініш, бекітілген нысан бойынша сауалнама, кадрларды есепке алу бойынша жеке парақ, қолымен жазылған және компьютерде терілген өмірбаян, нотариуспен расталған білімі туралы құжаттарының көшірмесі, нотариуспен расталған еңбек кітапшасының көшірмесі (бар болған жағдайда), нотариуспен расталған әскери билеттің көшірмесі немесе шақырту учаскесінде тізімге алынғаны туралы куәлік, нотариуспен расталған соңғы жұмыс орнынан немесе үміткер әскери қызметін өткен әскер бөлімінен мінездеме (бар болған жағдайда), 3х4 көлеміндегі фотосуретінің 4 данасы, Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі, Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінен сотталмағаны туралы анықтама ) ұсынылу қажет.

Қарастыруға, көрсетілген құжаттар тізімі тезтікпеге салынған, құжаттар қабылданады.



# Сатамын

2-квартиный дом (газоблок), водопровод, сарай большой (пескоблок), гараж и летняя кухня (газоблок), подвал из плит, колодец-скважина, баня деревянная (обложена силикат кирпич.), с. **Галкино, тел 33-2-57** (0-354)


**ШАРБАҚТЫ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ 2015 ЖЫЛҒЫ 22 МАУСЫМДАҒЫ № 217/61 ШЕШІМІНЕ 5 – ҚОСЫМША**

**2014 ЖЫЛҒЫ 15 ҚАҢТАРДАҒЫ ШАРБАҚТЫ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ № 106/37 ШЕШІМІМЕН БЕКІТІЛГЕН ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК КӨРСЕТУДІҢ, ОНЫҢ МӨЛШЕРЛЕРІН БЕЛГІЛЕУДІҢ ЖӘНЕ ШАРБАҚТЫ АУДАНЫНДАҒЫ МҰҚТАЖ АЗАМАТТАРДЫҢ ЖЕКЕЛЕГЕН САНАТТАРЫНЫҢ ТІЗБЕСІН АЙҚЫНДАУДЫҢ ҚАҒИДАЛАРЫНА 5 ҚОСЫМША**

Отбасыға көмектің
ЖЕКЕ ЖОСПАРЫ

Уәкілетті орган_____________________________________________
Көмекті алушы:_____________________________________________
(Т.А.Ә. (болған кезде), тұратын мекенжайы)

Келісімшарттың қолданылуы басталған күн: ________________________
Келісімшарттың қолданылуы тоқтатылған күн:________________________

Қажетті іс-әрекеттер:_____________________________________________

1. Отбасын өмірлік қиын жағдайдан шығаруға арналған көмектің 20___жыл ______________ (айын көрсету) іс-шаралар жоспары және сол бойынша 20___жыл_________ (айын көрсету) есептілікті ұсыну.

| № | Т.А.Ә. (болған кезде) | Іс-шаралар | Орындалу мерзімі | Жауапты маман | Көмекті, қызметті ұсынатын орган (мекеме) | Күнін көрсете отырып, орындалуы туралы белгі | Нәтижесі (бағалау) |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | |
| | | | | | | | |

Жүргізілген іс-шаралар бойынша келісімшартты сүйемелдеуді жүзеге асыратын әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультанттың түпкілікті қорытындысы:
______________________________________________________________

Қажетті өзара іс-әрекеттер:
- жұмыспен қамту органымен ______________________________
- денсаулық сақтау органымен______________________________
- басқа да байланыстар ___________________________________
Әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультанттың қолы:______________ Күні:______________

(Кезеңдер саны отбасындағы нақты жағдайлар мен бейімдеу бағдарламасына байланысты)
Берілетін көмектің түрлері:

| Ай сайынғы жәрдемақы | Біржолғы төлем | Жергілікті бюджеттің есебінен іске асырылатын өзге де көмек түрлері |
|---|---|---|
| | | |

Біржолғы төлем кезінде:
Шығын сметасы:

| Сатып алынған техниканың, жабдықтардың және басқа да атаулары | Сомасы, мың теңге |
|---|---|
| | |
| Барлығы: | |

Отбасының (адамның) жан басына шаққандағы табысы, теңгемен:

| Келісімшарт жасалғанға дейін | Келісімшарттың қолданылу мерзімінің аяқталуы бойынша | |
|---|---|---|
| | ШАК мөлшерін қоса есептегенде | ШАК мөлшерін есептемегенде |
| | | |

Жүргізілген іс-шаралардың тиімділігі туралы қорытынды
______________________________________________________________

Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі:
______________________________________
Уәкілетті өкілдің (тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде)
____________________________
(қолы)

20____жылғы «___» ________


МАРАЛДЫ

МЕНШІК ИЕСІ: «Шарбақты ауданының әкімдігі, «Маралды» және «Трибуна» газетінің редакциясы ЖШС (Павлодар облысы)

Газеттің шығарылуына жауапты редактор Даниял Қызыр

Бас редактор Қ.К.Шамшиев

Мекен жайы: 141100 Шарбақты селосы, Советов көшесі 53. Телефон: 2-12-63. E-mail: maraldy2011@mail.ru

Автордың пікірі редакция көзқарасына сәйкес келе бермеуі мүмкін. Мақалада көрсетілген ақпараттар мен деректерге авторлар, жарнама материалдарының мазмұнына жарнама берушілер жауап береді. Редакция оқырмандардан түскен барлық хаттарға тегіс жауап беруді және жариялауды міндетіне алмайды. Хаттар, қолжазбалар рецензияланбайды және қайтарылмайды. Нөмірді әзірлеу барысында ғаламтордан алынған суреттер де пайдаланылады.

Газет аптасына бір рет бейсенбі күні шығады. Индексі: 65843. Таралымы 420 дана, тапсырыс 420 дана.
Оқырмандарға газетті жеткізу жөнінде 2-20-78 телефонына хабарласуға болады.

Газет: ҚР Байланыс және ақпарат министрлігінде 2011 жылғы 28 қазанда тіркеліп, тіркеу туралы №12084 куәлігі берілген.

«Маралды» газеті редакцияның компьютер орталығында терілiп, беттелді. Павлодар облыстық «ДОМ ПЕЧАТИ» ЖШС-де басылды. Мекен-жайы: Павлодар қаласы, Ленин көшесі 143 үй.